

Пушту және тәжік тілдеріне парсы тілінің әсері



Зерттеу тақырыбының өзектілігі.

Қазіргі парсы тілі иран тілдерінің оңтүстік батыс тобына жатады, оған зерттеуге негіз болып отырған тәжік, пушту диалектілері кіреді. Парсы тілі, пушту және тәжік тілдері бір-біріне жақын туыс тілдер, осы уақытқа дейін бұл тілдердің бір-біріне әсері жеке зерттелініп қарастырылмаған. Дәл осы парсы тілінің пушту және тәжік тілдеріне әсері бұрын соңды зерттелмегендігі жұмыстың өзектілігін арттырады.




Ғылыми жаңалығы.

Пушту және тәжік тілдерінің даму жолында парсы тілінің әсері болғандығы анықталды. Сондай-ақ, жұмыстың практикалық бөлімінде мысалдар беру арқылы пушту және тәжік тілінің парсы тілінен ерекшеліктері айқындалды.

Кәсіби-қолданбалы жобаның мақсаты.

- Парсы тілінің пушту және тәжік тілдеріне әсерін жан-жақты қарастыру және олардың қазіргі даму жағдайын талдау болып табылады.
- Көрсетілген мақсатты жүзеге асыру үшін төмендегідей **міндеттердің** орындалуы шарт:
- Пушту және тәжік тілдеріне қатысты жалпы мағлұмат алу;
- Пушту және тәжік тілінің парсы тілінен ерекшеліктерін ашып көрсету;
- Пушту және тәжік тілдерінің даму жолында парсы тілінің әсерін айқындап көрсету;
- **Қалыптасатын компетенциялар.** ақпараттық, жобалық, когнитивтік субкомпетенциялар.



Зерттеу нысаны.	Пушту және тәжік тілдерінің сөздік құрамы.
Зерттеу пәні.	пушту және тәжік тілдеріне парсы тілінің әсерін зерттеу болып табылады.
Зерттеу әдістері	сипаттау, жүйелеу, талдау.
Зерттеу нәтижесі.	гlossарий

МАЗМҰНЫ

- Кіріспе.....
- 1 тарау Қазіргі парсы тілінің қалыптасу және даму тарихы
 - 1.1 Парсы тілінің әлеуметтік лингвистикалық сипаттамасы
 - 1.2 Парсы тілінің фонетикалық ерекшеліктері мен лексикалық құрамы
- 2 тарау Парсы тілінің пушту және тәжік тілдерімен байланысы
 - 2.1 Пушту тілінің лексикалық құрамындағы парсы сөздері
 - 2.2 Парсы тілінің тәжік тіліне әсері және ортақ мұралары
- Қорытынды
- Пайдаланылған әдебиеттер тізімі
- Қосымша

Кіріспе

Тіл – қай ұлттың болмасын тарихы мен тағдыры, тәлімі мен тәрбиесінің негізі, қатынас құралы. Тіл болмаса сөз болмайды. Ал сөз болмаса адамзаттың тірлігінде мән-маңыз болмайтыны белгілі. Демек, тілдің, сөздің адам өміріндегі орны ерекше. Тіл байлығы - әрбір елдің ұлттық мақтанышы. Ол – атадан балаға мирас болып қалып отыратын баға жетпес мұра. Біз диплом жұмысымызда парсы тілінің пушту және тәжік тілдеріне әсерін қарастыратын боламыз. Парсы тілі Иран жерінің тілі болып табылады. XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында әлеуметтік-саяси жағдайлар мен мемлекетаралық қарыми-қатынаста қалыптасқан тілдік факторларға байланысты бір-біріне жақын туыс үш тіл: Иранда парсы тілі, Орта Азияда тәжік тілі, Ауғанстанда пушту тілдері пайда болды. Қазіргі таңда парсы тілі тек Иранда ғана емес, Ауғанстан, Тәжікстан, сондай-ақ Пәкістан мен Үндістанның және Бахрейн тәрізді Парсы шығанағындағы бірқатар мемлекеттерде қолданылады.

1.1 Парсы тілінің әлеуметтік лингвистикалық сипаттамасы

Парсы мәдениеті – Азия аумағына кең тараған және кеңінен ықпал еткен мәдениеттің бірі. Парсы тілі үндіеуропалық тілдер әулетінің иран тобының оңтүстік-батыс тармағына жатады және Иран Ислам Республикасының мемлекеттік тілі болып табылады. Парсы тілі ортағасырлық парсы әдебиетінің және Қайта жаңғыру дәуіріндегі әдебиеттің аса бай мұрагері болып табылады. Қазіргі кезде парсы тілінде сөйлейтіндердің саны барынша мол: бұл Иран елінің мемлекеттік тілі болып барлық әкімшілік – басқару, қоғамдық және діни салалардың барлығында, Тәжікстанда, Пәкістанда, Ауғанстанда, Парсы шығанағында орналасқан Бахрейн, Ирак, Оман, Йемен, Біріккен Араб Әмірлігі сияқты елдерде кеңінен пайдаланылады.



Парсы тілінің әлеуметтік лингвистикалық жағдайын қысқаша түрде төмендегіше сипаттауға болады:

Бірінші. Парсы әдеби тілі классикалық парсы тілінен фонетика (әсіресе дауысты дыбыстарға байланысты), морфология, синтаксис, лексика жақтарынан үлкен айырмашылықтарға ие.

Екінші. Қазіргі парсы әдеби тілі Иранның ресми тілі және білім беру жүйесінің тілі болып табылады.

Үшінші. Парсы әдеби тілін лингва франка деп санауға болады. Бұл терминге төмендегідей анықтама берілген: «Lingua franca-әр түрлі тілдерді пайдаланушылар арасындағы коммуникацияда қызмет ететін тіл.

Төртінші. Парсы тілі мемлекеттік тіл бола тұра, орта білім беру жүйесінде араб тілі міндетті пән болып саналады, бұл тіл парсы тіліне үлкен әсер етуде.

Бесінші. Қазіргі кезеңде лингвистикалық және экстралингвистикалық факторлардың салдарынан қазіргі парсы тілі диалектілерінің арасындағы айырмашылықтар анығырақ байқалуда. Бұл жайт ауызекі сөйлеу тілінде басталады да кейінірек жазба мәтіндердің стилі мен фразеологиялық құрамына көрінді.

1.2 Парсы тілінің фонетикалық ерекшеліктері мен лексикалық құрамы

Парсы тілінің фонетикалық ерекшеліктері

6 монофонг, 2 дифтонг,
23 дауыссыз фонемасы
бар

Сөз басында дауыссыздар
қатар келмейді

тіл арты (фарингаль),
көмей (увуляр) дыбыстар
сақталған

екпін сөздің соңғы
буынына түседі.



2 тарау Парсы тілінің пушту және тәжік тілдерімен байланысы

Парсы тілі

ортағасырлық парсы әдебиетінің және Қайта жаңғыру дәуіріндегі әдебиеттің аса бай мұрагері болып табылады

үндіеуропалық тілдер семьясына жатады

шығыс тілдерінің ішіндегі ең бір әсемі, ажарлысы, шұрайлысы.

زبان فارسی

2.1 Пушту тілінің лексикалық құрамындағы парсы сөздері

Пушту - ауған халқының көпшілігі сөйлейтін тілдің атауы. Қазіргі кезде пушту тілі жазба тіл үшін парсы әліппесі қолданылады, ол араб әліппесінің негізінде жасалғанмен, парсы тілінің заңдылықтарын қамтитын бірнеше таңбалармен толықтырылған. Фарси - Иран халқының тілі және оны парсы тілі деп те атайды. Алайда, көптеген адамдар, әсіресе батыс әлеміндегі адамдар ұқсастықтары үшін пушту мен парсы тілі арасында шатасып жатады. Бұл зерттеу жұмысында осы екі тілдің айырмашылықтарын атап көрсетуге тырыстық.

Пушту тілінің ерекшелігі

- дауысты дыбыстардың жүйесі әр түрлі
- пушту тілінде парсы тілінде мүлдем кездеспейтін кейбір дауыссыз дыбыстар бар
- парсыға қарағанда пушту тілінде екпінге көп көңіл бөлінбейді.

Парсы тіліндегі нұсқасы	Пушту тіліндегі нұсқасы	Тәжік тіліндегі нұсқасы	Аудармасы
Âb	Ow	Ob	Су
Yek	Yak	Yak	Бір
Şeb	Şow	Şab	Түн
Xâsten	Xwastan	Xostan	Қалау
İstaden	Sitonidan	Stondan Almak	Жату
Gereften	Giriftan	Giriftan Almak	Ұстау
Xeriden	Xaridan	Xardidan	Сатып алу
Çend	Çand	Çand	Қанша?
Çetor	Chitu	Chitur	Қалай?

Бұл кестеден байқағанымыздай үш тілде (парсы, пушту, тәжік) сөздердің айтылуында айтарлықтай айырмашылық байқалмайды. Бұл тілдер, яғни парсы, тәжік және пушту тілдері бір-біріне өте жақын. Алайда, бұл тілдердің фонетикасында, лексика мен грамматикасында кейбір ерекшеліктер бар, соған қарамастан олардың бірін-бірі түсіну мүмкіндігі бар. Себебі, олар 16-17 ғасырларда ғана (орыс және украин тілдерінен кейін) бөлініп кетті, бұл кезеңге дейін тілдері ортақ парсы тілі болды. Парсы-пушту-тәжік тілдерінің арақатынасы орыс-белорус-украин тілдері сияқты, ал ең алдымен олар бір біріне жақын тілдер болып табылады.

Ал, енді парсы және пушту тілдеріндегі фонетикалық өзгерістердің бірі ол сөздерде айқын көрініп тұрады. Атап айтар болсақ, парсы тіліндегі “д”-пушту тіліндегі “л”-өзгеруі. Мысалдармен көрсетер болсақ:

Парсы	Пушту	Аудармасы
дидан	лидал	көру
дарам	ларам	Бір заттың болуы (имею)
дах	лас	он
духтар	лур	Қыз (дочь)
даст	лас	қол

Пушту және парсы тілдеріндегі сөздерде кейбір фонетикалық өзгерістерді байқауға болады. Екі тіл бір біріне өте жақын екенін жоғарыда атап өттік, алайда пушту тіліне тән екі ерекшелік бар. Біріншісі тілдің «жуан» және «жіңішке» болып бөліну нұсқалары. Екіншісі “а”-ның ашық “о”-ға өтуі, “о”-ның “ө” және “у” -дың “и”-ға өтуі.

Ал, енді парсы және пушту тілдеріндегі фонетикалық өзгерістердің бірі ол сөздерде айқын көрініп тұрады. Атап айтар болсақ, парсы тіліндегі “д”-пушту тіліндегі “л”-өзгеруі. Мысалдармен көрсетер болсақ:

Парсы	Пушту	Аудармасы
дидан	лидал	көру
дарам	ларам	Бір заттың болуы (имею)
дах	лас	ОН
духтар	лур	Қыз (дочь)
даст	лас	қол

2.2 Парсы тілінің тәжік тіліне әсері және ортақ мұралары

Барлық тілдерде диалектілер лексикалық қазына болып табылады. Қазіргі заманғы тәжік диалектілері Тәжікстанда және одан тыс жерлерде, әсіресе тәжіктер арасында Өзбекстан (Самарканд, Фаргона, Бойсун, Фалгар) қазіргі заманғы тәжік тілінің інжу-маржаны болып табылады. Бір жағынан аталған диалектілер шынайы және ежелгі иран сөздерін бойында сақтаған, екіншіден бұл диалектілердің барлығы парсы-тәжік әдебиеті классиктерінің барлық шығармаларында қолданылатын ежелгі парсы-тәжік сөздері.



Тәжіктер күнделікті өмірде ұрпақтан ұрпаққа берілетін өте ежелгі сөздерді пайдаланады. Бұл сөздердің көпшілігі Парсы әдебиеті классиктерінің шығармашылығында бірнеше рет пайдаланылған. Төмендегі мысалдар осының жарқын мысалдары деп санауға болады.

тәжік	Аудармасы	тәжік	Аудармасы	тәжік	Аудармасы
агов	бұқа	буна	зат	палагда	ашулы
уреб	түзу емес, қисық	хинг	ат	хори	ұрыс
качал	ақсақ	шал	ақсақ	лок	ағаш ыдыс
лош	жер бетінен жою	моиндар / модарандар	өгей ана	рада	қатар
фар	жарық	фара	күш	фач	жаман
шах	тау шыңы	яла / хела	ашық	фароштурук	қарлығыаш
пахта	мақта	истакон / сотгин	стақан		

Жоғарыда айтылғанды растау үшін мысал ретінде тәжік тілінің сөздігіндегі (Фарханги забони тоҷики) «анде» ескі сөзін келтіреміз. Бұл сөз «әсіресе, әсіресе тек» дегенді білдіреді. Бұл сөз классикалық жазба ескерткіштерде де және қазіргі тәжік сөйлеу тілінде де бір мағынада қолданылады. Мысалы:

Абуабдулло Рудакидың замандасы Унсури Балхи өлеңдерінің бірінен мысал:

Гар гулистон зи боди хазон зард шуд, равост,

Анде ки сурх бошад руйи худойгон [6, с. 74].

(Егер сары жапырақтардың түсуінен бақша сарғайса, мейлі сарғайсын,

Тек менің мырзамның жүзі қызыл болып қалады).

Оңтүстік тәжік тілінде:

Мон – ш анде бачаша б:бина. – Тек баласын көрсінші. Анде мон биёя – въ гаммон ната. – Мейлі келе берсін, тек бізді әуреге салмасын.

Парсы тілі мен пушту тіліне қарағанда қазіргі тәжік тілінде мына етістіктер көптеп қолданылады:

рафта истодан (бару – осы шақ), дароз кашидан (жату, аяғын созу), чорзону задан (отыру, аяғын айқастыру), джакидан (айқайлау, көп сөйлеу), фурт кашидан (жұту), дам кашидан (ішу), дам додан (демалту).

پښتو

Шығыс халықтарының ішінде ең бай, ең көне әдебиет парсы-тәжік әдебиеті болып саналады. XX-XV ғ. арасы Иран мәдениеті, әдебиеті үшін алтын ғасыр санатына жатады. Ежелгі заманда Орта Азия және Иран халықтарының түп-төркіні, тарихы бір болған, бірге дамыған, сондықтан да парсы поэзиясының биіктері мен шыңдары тәжік халқының да ортақ мұрасы болып саналады.

□ Ортақ мұралары

- Фирдоусидің
- Рудакидің
- Хафиздің
- Омар Хайамның шығармалары

□ Парсы-тәжік әдебиетінің ең басты ерекшелігі



- нәзіктік
- астарлап, жұмбақтап, ойға батыратындай қылып жазылуы
- терең ой мен оюлана-өрнектелген сөздің ұштасуы

Қорытынды

Парсы тілі - Иран мен Ауғанстанда және парсы мәдениеті әсер еткен кейбір басқа елдерде сөйлейтін тіл. Ал, пушту - ауған халқының көпшілігі сөйлейтін тілдің атауы. Тәжік, пушту мен парсы тілі бір-біріне өте ұқсас, жұмысымызда біз бұл тілдердің айырмашылықтарын және ұқсас тұстарын көрсетуге тырыстық. Бұл аталған тілдердің фонетикалық ұқсастықтары мен грамматикалық жағынан сәйкес келетіндігі анықталды. 1920-ға дейін тәжік тілін жазу үшін араб графикасы негізінде жасалған парсы әліпбиі қолданылды. Қазіргі кезде пушту жазба тілі үшін парсы әліппесі қолданылады, ол араб әліппесінің негізінде жасалғанымен, парсы тілінің заңдылықтарын қамтитын бірнеше таңбалармен толықтырылған. Тәжік және парсы тіліне ортақ мұралар бар.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

- 1. И.К. Овчинникова Учебник персидского языка. Москва, Издательский дом «Филология три» 2002 .10стр.
- 2. М.Абулқасеми Парсы тілінің тарихы .Тегеран.1373 .
- 3. А.Нәлібаева, Р. Садықова , Н.Бижанова Парсы тілі .Алматы.2003
- 4. 2 Пилтанг Ж.Б., Садықова Р.К. Қазақ және парсы тілінде мағынасы бірдей сөздер. – Алматы, 2007. 3 Егемен Қазақстан газеті. - 2009 . - 7 сәуір.
- 5. Рүстемов Л.З. Парсы тілінің ізашары .Тегеран,1994 .
- 6. Шатилов С.Ф. Методика обучения немецкому языку в средней школе . Москва: Просвещение,1977.-295
- 7. Жемени И. Парсыша-қазақша сөздік. Алматы, 2003. 1997. – 320 б.
- 8. Нәлібаева А., Садықова Р., Бижанова Н., Боранбаева А., Боғерпур С. Парсы тілі. – Алматы, 2003. – 220 б.

- 
- 
- 9. Овчинникова И.К., Мамез-Задэ А.К. Учебник персидского языка. – М.: Изд. Московского унив., 1986. 447 с.
 - 10. Рүстемов Л.З., Сәмәре И. Парсы тілінің жолашары. – Тегран, 1995.
 - 11. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. Алматы, 1974.
 - 12. Нұрмаханова Ә.Н. Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы. Алматы: Мектеп, 1971.
 - 13. Пейсиков Л.С. Очерки по словообразованию персидского языка. – М., изд. МГУ, 1973, -199 ст
 - 14. Ө. Күмісбаев «Заң» газеті 2000 ж, 26 қаңтар 2. Т.Айнабеков «Қабуснама». Жазушы баспасы, 2005
 - 15. «Шешендік өнерін үйреніп», «Дала мен қала» газеті, 2006 жыл 4. Қайқауыс «Қабуснама». -Алматы: Балауса, 1992